

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 14 шілдедегі
№ 57 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы, ауылдық
округтердің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы"
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2024 жылғы 8 тамыздағы
№ 205/15 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ
ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының "Солтүстік
Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы, ауылдық округтердің
жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2021 жылғы 14
шілдедегі № 57 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының
Тайынша қаласы, ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналысының
регламентінде:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыс жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту
бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарау;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің жобасын және
бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен берілетін нысаналы
трансферттер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші
бағдарламаларды) қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы
қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма
пайызынан аспайтын көлемде қаражат бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей,
бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде
бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз
орындалған кезде бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда,
аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетін түзетуді келісу;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық
меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі
аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аппаратының шешімдерін
келісу;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқада ағымдағы мәселелерін талқылау".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының
төрағасы*

С. Бекшенов